

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 желтоқсан N 1902. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.01.03. N 3 қаулысымен. ~P010003

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кең Дала" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Кең Дала" ААҚ) республикалық бюджет алдындағы берешегін өтеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты, 2000 жылға арналған республикалық бюджетте Z990473_ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 440 174(төрт жүз қырық мың жүз жетпіс төрт) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитеті Алматы қаласы, Достық даңғылы, 38, мекен-жайы бойынша орналасқан "Кең Дала" ААҚ-ның офисінің ғимаратына мемлекеттік меншік құқығын ресімдесін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына

U 9 5 2 7 2 1 _

,

P 9 9 0 6 8 3 _

сәйкес жекешелендіру іс-шараларын жүргізсін және "Кең Дала" ААҚ-ның республикалық бюджет алдындағы борыш сомасының бюджетке толық түсуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК